

**СИЛЛАБУС**  
 2023-2024 оқу жылының көктемгі семестрі  
 «БВ12305 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
UPRK 2204 Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (Жалпы бөлім)	4	30	15		5	6

**ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ**

Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы
Оффлайн	Бейіндеуші пәндер (БП) Жоғары оқу орны компоненті	Ақпараттық, проблемалық, аналитикалық, практикалық дәріс	Семинар-дискуссия Семинар-сұхбат Аралас семинар	Универ оқыту жүйесінде тест
Дәріскер (лер)	Бисенова М.К. заң ғылымдарының кандидаты, доцент			
e-mail:	<a href="mailto:bysenova@mail.com">bysenova@mail.com</a>			
Телефоны:	87016622732			
Ассистент (гер)	Жакыш А.			
e-mail:	<a href="mailto:Zhakysh_akerke@mail.ru">Zhakysh_akerke@mail.ru</a>			
Телефоны:	87479521217			

**ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)
Мақсаты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау кезінде қылмыстық-құқықтық қатынастарды қалыптастыратын және реттейтін қылмыстық-құқықтық нормаларды түсіну қабілетін қалыптастыру.	1. Қолданыстағы қылмыстық заңнаманың негізгі ережелерін, қылмыстық құқықтың негізгі институттарын сипаттау.	1.1 ҚР қылмыстық заңнамасының дамуын, 1997, 2014 жж. реформалардың ерекшелігін бағалау;
		1.2 Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы негізгі ережелерді тұжырымдау және түсіндіру.
		1.3 Құқықтық нормаларды нақты жағдаймен салыстыра білу;
		1.4 Құқықтық олқылықтарды анықтау, шешу.
	2. Нормативтік құқықтық актілердің уақыт пен кеңістіктегі әрекет ету күші, Қазақстан Республикасы қылмыстық саясатының негізгі бағыттарын талдау.	2.1 Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау және олардың дұрыстығын тексеру;
		2.2 ҚР ҚК Жалпы бөлімінің

	<p>қылмыстық-құқықтық нормаларының диспозицияларын талдау;</p> <p>2.3 Кәсіби қызметте танымдық және практикалық міндеттерді шешуде теориялық білімді қолдану;</p>
3. Қылмыстық құқықтың негізгі категорияларын, негізгі институттарын түсіндіру.	<p>3.1 Қолданыстағы қылмыстық заңнаманың нормаларын нақты өмірлік жағдайларға қолдану;</p> <p>3.2 Құқық бұзушылықтардың алдын алуды жүзеге асыру, оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою</p> <p>3.3 Анықталған фактілер мен мән-жайларға құқықтық баға беру;</p> <p>3.4 Құқықтық баға негізінде кеңестер беру.</p>
4. Қолданыстағы қылмыстық заңнама нормаларын қолдану;	<p>4.1 Тиісті топтың негізгі қылмыс құрамының белгілерін анықтап, шешім шығару</p> <p>4.2 Қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықтың негізін таңдай білу</p> <p>4.3 Қылмыстық жаза түрлерін таңдау.</p>
5. Қылмыстық заңды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау	<p>5.1 ҚР қылмыстық заңын жетілдіру;</p> <p>5.2 Шет мемлекеттің қылмыстық заңдарымен салыстыру;</p> <p>5.3 Қылмыстық заңды қолдану арқылы тәжірибелендіру.</p>
<b>Пререквизиттер</b>	TGP1201 Мемлекет және құқық теориясы, KPRK1202 Конституциялық құқық, AP2207 Әкімшілік құқық.
<b>Постреквизиттер</b>	UPP 3301 Қылмыстық іс жүргізу құқығы; Krim 3220 Қылмыстық құқық; UIP 4312 Қылмыстық атқару құқығы
<b>Оқу ресурстары</b>	<p><b>Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды // <a href="https://online.zakon.kz/">https://online.zakon.kz/</a></li> <li>2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014 ж. // <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226</a></li> <li>3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.</li> <li>4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. // <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235</a></li> </ol> <p><b>Негізгі әдебиет:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ағыбаев А.Н. ҚР Қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім.- Алматы.-2017.-428б.</li> <li>2. Ағыбаев А.Н. ҚР Қылмыстық заңына түсіндірме.- Алматы.-2017.-615 б.</li> <li>3. ҚР Қылмыстық кодексі 16 шілде 1997ж. - Алматы: ЮРИСТ, 2012. – 164б.</li> </ol>



	<p>4. ҚР Қылмыстық кодексі 3 шілде 2014 ж. – Алматы: ЮРИСТ, 2022. – 208 б.</p> <p>5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть / Под ред. А.К. Дауылбаева. – Алматы, 2015. – 500 с.</p> <p>6. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть: Учебник / ред.: И. И. Рогов, К. Ж. Балтабаев; сост. А.М. Серикбаев. — Астана: Изд-во ЕНУ, 2015. - 556 с</p> <p><b>Қосымша әдебиет:</b></p> <p>1. Уголовное право. Видеолекции// <a href="https://www.youtube.com/watch?v=L9PxSNVlo9I">https://www.youtube.com/watch?v=L9PxSNVlo9I</a></p> <p>2. Единое окно доступа к информационным ресурсам <a href="http://window.edu.ru/catalog/pdf2txt/683/44683/21461">http://window.edu.ru/catalog/pdf2txt/683/44683/21461</a></p> <p><b>Зерттеушілік инфрақұрылымы</b></p> <p>1. Білім берушілік пен білім алушылық жүретін лабораториялар мен жерлер (орындар)</p> <p>2. Кафедраның ғылыми-әдістемелік, оқу және оқу-әдістемелік кешендері</p> <p><b>Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы</b></p> <p>1. <a href="https://academy-gp.kz/?page_id=97&amp;lang=ru">https://academy-gp.kz/?page_id=97&amp;lang=ru</a></p> <p>2. <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat?lang=kk">https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat?lang=kk</a></p> <p>3. <a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155</a></p> <p><b>Интернет-ресурстар</b></p> <p>1. <a href="http://elibrary.kaznu.kz/ru">http://elibrary.kaznu.kz/ru</a></p> <p>2. <a href="https://zhetizhargy.kz/?product">https://zhetizhargy.kz/?product</a></p>
--	---

<p><b>Пәннің академиялық саясаты</b></p>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p><b>Ғылым мен білімнің интеграциясы.</b> Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p><b>Сабаққа қатысуы.</b> Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p><b>Академиялық адалдық.</b> Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p><b>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.</b> Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.</p> <p>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail <a href="mailto:bysenova@mail.ru">bysenova@mail.ru</a> немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.</p> <p><b>МООС интеграциясы (massive openlline course).</b> МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.</p> <p><b>Назар салыңыз!</b> Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p>
--	--

<b>БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ</b>	
Оқу жетістіктерін есептеудің балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі	Бағалау әдістері

1,0	50-54 ң сандық баламасы	D мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	<p><b>Критериалды бағалау</b> – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. <b>Формативті және жиынтық бағалауға</b> негізделген.</p> <p><b>Формативті бағалау</b> – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p><b>Жиынтық бағалау</b> – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.</p>
A	4,0	95-100	Өте жақсы	
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	
B	3,0	80-84		
B-	2,67	75-79		
C+	2,33	70-74		
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	
C-	1,67	60-64		
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықс ыз	
D	1,0	50-54		
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықс ыз	
F	0	0-24		

Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар
Дәрістердегі белсенділік	5
Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20
Өзіндік жұмысы	25
Жобалық және шығармашылық қызметі	10
Қорытынды бақылау (емтихан)	40
<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>100</b>

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Апта / модуль	Тақырып атауы	Сағат саны	Ең жоғары балл
<b>Модуль 1</b>			
1	Д. 1 Қылмыстық құқық түсінігі, пәні, міндеттері, жүйесі, қағидалары (Кіріспе дәріс)	1	
1	ПС 1 «Қылмыстық құқық түсінігі, пәні, міндеттері, жүйесі, қағидалары» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	5
2	Д. 2 Қылмыстық заң (Проблемалық дәріс)	1	
2	ПС 2 «Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	5
3	Д. 3 Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі (Аналитикалық дәріс).	1	
3	ПС 3 «Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	6
3	<b>СӨЖ 1. СӨЖ орындау бойынша консультация</b>		
3	<b>СӨЖ 1. «Қылмыстық заң» тақырыбы бойынша тапсырмаларды жазбаша орындап, ауызша тапсыру</b>		25
4	Д. 4 Қылмыстық жауаптылықтың негізі және қылмыс құрамы (Аналитикалық дәріс)	1	
4	ПС 4 «Қылмыстық жауаптылықтың негізі және қылмыс құрамы» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	6
5	Д. 5 Қылмыстың объективтік белгілері (Проблемалық дәріс)	1	
5	ПС 5 «Қылмыстың объективтік белгілері» тақырыбына есептер шығару, казустарды шешу.	2	6



5	<b>СОӨЖ 2. СӨЖ 2 орындау бойынша консультация</b>		
5	<b>СӨЖ 2 «Қылмыстық жауаптылықтың негізі және қылмыс құрамы» тапсырмаларды жазбаша орындап, ауызша тапсыру</b>		25
6	<b>Д. 6 Қылмыстың субъективтік белгілері (Проблемалық дәріс)</b>	1	
6	<b>ПС 6 «Қылмыстың субъективтік белгілері» тақырыбына есептер шығару, қазуларды шешу.</b>	2	6
7	<b>Д. 7 Қылмысты жасау сатылары (Өзекті дәріс).</b>	1	
7	<b>ПС 7 «Қылмысты жасау сатылары» тақырыбына есептер шығару, қазуларды шешу.</b>	2	6
	<b>СОӨЖ 3 Өткен тақырыптар бойынша коллоквиум</b>		10
7	<b>АБ 1</b>		100
<b>Модуль 2</b>			
8	<b>Д. 8 Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі (Аналитикалық дәріс).</b>	1	
8	<b>ПС 8 «Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі» тақырыбына есептер шығару, қазуларды шешу.</b>	2	5
9	<b>Д. 9 Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу. (Өзекті дәріс)</b>	1	
9	<b>ПС 9 «Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу» тақырыбына есептер шығару, қазуларды шешу.</b>	2	5
10	<b>Д. 10 Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән- жайлар. (Өзекті дәріс).</b>	1	
10	<b>ПС 10 «Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән- жайлар» тақырыбына есептер шығару, қазуларды шешу.</b>	2	5
10	<b>СОӨЖ 4. СӨЖ 3 орындау бойынша консультация</b>		25
10	<b>СӨЖ 3 «Іс- әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар» тапсырмаларды орындау.</b>		
11	<b>Д. 11 Жазаның түсінігі және мақсаты. Жаз жүйесі және түрлері (Өзекті дәріс)</b>	1	
11	<b>ПС 11 «Жазаның түсінігі және мақсаты. Жаз жүйесі және түрлері» тақырыбына есептер шығару, қазуларды шешу.</b>	2	5
12	<b>Д. 12 Жаза тағайындау (Практикалық дәріс).</b>	1	
12	<b>ПС 12 «Жаза тағайындау» тақырыбына есептер шығару, қазуларды шешу.</b>	2	5
12	<b>СОӨЖ 5. СӨЖ 4 орындау бойынша консультация</b>		
12	<b>СӨЖ 4 «Жаза тағайындау. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату» тапсырмаларды жазбаша орындап, ауызша тапсыру</b>		25
	<b>Д. 13 . Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату (Аналитикалық дәріс)</b>	1	
13	<b>ПС 13 . «Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату» тақырыбына есептер шығару, қазуларды шешу.</b>	2	5
14	<b>Д. 14 Кәметке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы (Проблемалық дәріс).</b>	1	
14	<b>ПС 14 «Кәметке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» тақырыбына есептер шығару, қазуларды шешу.</b>	2	5
15	<b>Д. 15 Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары (Өзекті дәріс).</b>	1	
	<b>ПС 15 «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары» тақырыбына есептер шығару, қазуларды шешу.</b>	2	5
	<b>СОӨЖ 6 Өткен тақырыптар бойынша коллоквиум</b>		10
	<b>Аралық бақылау 2</b>		100
	<b>Қорытынды бақылау (емтихан)</b>		100
	<b>Пән үшін жиынтығы</b>		100

«Қылмыстық құқық» пәні бойынша тапсырмалар рубрикаторлары (АБ 100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Қылмыстық құқық ғылымының теориялары мен тұжырымдамаларын терең түсінуі және оған кәсіби сәйкестіліктің болуы	Қылмыстық құқық ғылымы туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Қылмыстық құқық ғылымының тұжырымдамаларын түсінуі. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Қылмыстық құқық ғылымы туралы теориялар мен тұжырымдамаларды шектеулі түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Қылмыстық құқық туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/ түсінбеушілік. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді.
Қылмыстық құқықның зерттелетін мәселелерін ұғына білуі және кәсіби сәйкестіліктің болуы	Қылмыстық құқық ғылымының басқа да заң ғылымдармен сабақтас екендігін жақсы байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде).	Қылмыстық құқық ғылымының басқа да заң ғылымдармен байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.	Қылмыстық құқық ғылымының басқа да заң ғылымдармен сабақтастығын шектеулі байланыстырады. Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану.	Қылмыстық құқық ғылымының басқа да заң ғылымдармен сабақтастыра алмайды. Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.
Өз тарапынан ұсыныстардың болуы	Қылмыстық құқық ғылымының дамуына байланысты практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	Қылмыстық құқық ғылымын жетілдіру бойынша практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады	Қылмыстық құқық ілімі жөнінде Шектеулі және практикалық ұсынымдары маңызды емес және мұқият талдауға негізделмеген және таяз.	Қылмыстық құқық ілімі бойынша практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.
Жазу, APA style	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады.	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды ұстанады.	Жазуда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.	Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.



	20-25 %	15-20%	10-15%	0-10%
Қылмыстық құқық ғылымының теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі	Қылмыстық құқық ғылымы туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну.	Қылмыстық құқық ғылымы теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі.	Қылмыстық құқық ғылымы теориялары мен тұжырымдамаларын шектеулі түсінуі.	Қылмыстық құқық ғылымы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/түсінбеушіліктің жоқтығы.
Қылмыстық құқық ғылымының негізгі мәселелері туралы хабардар болу	Қылмыстық құқық ғылымының басқа сабақтас ғылымдармен бай мәнмәтінімен сауатты арақатынасы. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен өте жақсы негіздеу (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде).	Қылмыстық құқық ғылымының тұжырымдамаларының басқа ғылымдармен байланыстыра біледі. Аргументтер эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен расталады.	Қылмыстық құқық ғылымының тұжырымдамаларының басқа заң ғылымдармен шектеулі байланыстырады. Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану.	Қылмыстық құқық ғылымының тұжырымдамаларының басқа заң ғылымдарымен байланысын шамалы ашады немесе аша алмаған. Эмпирикалық зерттеулерді немесе мүлдем қолданбайды.
Қылмыстық құқық ғылымы жөнінде сынамалы зерттеулер	Қылмыстық құқық ғылымының зерттеу нәтижелерін (сұхбат немесе сауалнама) өте жақсы пайдалану.	Қылмыстық құқық ғылымының зерттеу нәтижелерін (сұхбат немесе сауалнама) жақсы пайдалану.	Қылмыстық құқық ғылымының зерттеу нәтижелерін (сұхбат немесе сауалнама) қанағаттанарлықтай пайдалану.	Қылмыстық құқық ғылымының зерттеу нәтижелерін (сұхбат немесе сауалнама) нашар пайдалану.
Қылмыстық құқық ғылымына ұсыныстар	Қазақстанда Қылмыстық құқық ғылымы бойынша сауатты және/немесе практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	Қазақстанда Қылмыстық құқық ғылымын жақсарту бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады.	Қылмыстық құқық ғылымын жетілдіру жөнінде шектеулі практикалық ұсынымдар. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз.	Қылмыстық құқық ғылымына ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.
Топтық жұмыс	Өте жақсы, тартымды тұсаукесер, визуалды эффектілердің, слайдтардың, материалдардың тамаша сапасы, керемет топтық жұмыс.	Жақсы тартымдылық, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың жақсы сапасы, командалық жұмыстың жақсы деңгейі.	Тартымдылық деңгейінің қанағаттанарлығы, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың қанағаттанарлық сапасы, командалық жұмыстың қанағаттанарлық деңгейі.	Тартымдылық деңгейінің төмендігі, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың төмен сапасы, командалық жұмыстың төмен деңгейі.

Факультет деканы  
Кафедра меңгерушісі  
Дәріскер



Д.Л. Байдельдинов  
Р.Е. Жансараева  
М.К. Бисенова